

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ

БІРІНШІ САТЫДАҒЫ СОТЫНДА

2025 жылғы 14 қазан

№ AIFC-C/CFI/2025/0026 ic

«AB ENERGO» ЖШС ісі бойынша
Түлеген Дон мырза

Талап қоюшы

№ AIFC-C/CFI/2025/0030 ic

«Аналитикалық кредиттік рейтингтік агенттік» (акционерлік қоғам) ісі бойынша
Түлеген Дон мырза

Талап қоюшы

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:
Том Монтагю-Смит КС

БҰЙРЫҚ

Талап қоюшының АХҚО-дағы «AB Energo» ЖШС компания филиалын тарату және оның қызметін тоқтату туралы Бұйрық шығару жөніндегі № AIFC-C/CFI/2025/0026 іс бойынша өтінішін («Energo өтініші») **ҚАРАСТЫРҒАННАН KEЙІН.**

Сондай-ақ Талап қоюшының АХҚО-дағы Аналитикалық Кредиттік Рейтингік Агенттік (Акционерлік Қоғам) компания филиалын тарату және оның қызметін тоқтату туралы Бұйрық шығару жөніндегі № AIFC-C/CFI/2025/0030 іс бойынша өтінішін («ACRA өтініші») **ҚАРАСТЫРҒАННАН KEЙІН.**

Талап қоюшының, АХҚО Компаниялар тіркеушісінің және АХҚО Қаржылық қызметтер басқармасының ұсынған материалдарын **ҚАРАСТЫРҒАННАН KEЙІН.**

БҰЙЫРЫЛАДЫ:

1. Energo өтініші қанағаттандырусыз қалдырылсын.
2. ACRA өтініші қанағаттандырусыз қалдырылсын.
3. АХҚО Компанияларды тіркеушісіне АХҚО «Компаниялар туралы» Регламентіне сәйкес «AB Energo» ЖШС мен «Аналитикалық кредиттік рейтингтік агенттік» (акционерлік қоғам) компанияларын танылған компаниялар ретінде тіркеуді жою үшін қажетті шараларды ақылға қонымды мерзімде қабылдау тапсырылсын.

ШЕШІМ

1. Талап қоюшы берілген талап-арыздар бойынша АХҚО аумағындағы екі шетелдік компанияның филиалдарын — «AB Energo» ЖШС («Energo») және «Аналитикалық кредиттік рейтингтік агенттік» (акционерлік қоғам) («ACRA») — тарату және жабу туралы бұйрық шығаруды сұрайды.
2. Екі іс те ұқсас құқықтық мәселелерді қозғайтындықтан, оларды бірге қарау туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ АХҚО Қаржылық қызметтер жөніндегі реттеушісінің және АХҚО Компанияларды тіркеушісінің өкілдері 2025 жылғы 9 қазандағы сот отырысына қатысуға шақырылып, олар қатысқан. АХҚО Компанияларды тіркеушісі Лаура Нұрғалиева ханымға және АХҚО Қаржылық қызметтер жөніндегі реттеушісінің Заң кеңес беру бөлімінің директоры Аида Мұқажанова ханымға көрсеткен көмегі үшін алғыс білдіремін. Тыңдау соңында барлық қатысушылар шығарылатын бұйрық бойынша ортақ келісімге келді.
3. Шетелдік компанияның АХҚО аумағындағы филиалын тарату қажет емес (және іс жүзінде мүмкін де емес). Тек оны жабу және Компаниялар тізіліміндегі тіркеуді жою жеткілікті. АХҚО-да шетелдік компания филиалын жабу тәртібі бойынша белгілі бір түсінбеушілік бар сияқты. Осы жағдайларда мен Аида Мұқажанова ханымның ұсынысын қабылдап, осы бұйрықтың негіздемесін қысқаша түсіндіруді орынды деп санаймын.
4. АХҚО «Компаниялар туралы» Регламентінің 12-бөлімі «танылған компанияларға» қатысты. 144-бапқа сәйкес, шетелдік компаниялар АХҚО аумағында немесе АХҚО арқылы қызмет жүргізе алмайды, егер олар танылған компания ретінде тіркелмеген болса. «Танылған компания» термині «Компаниялар туралы» қағидалардың 1-қосымшасында «осы Қағидаларға сәйкес тіркелген шетелдік компания» ретінде айқындалған. «Шетелдік компания» дегеніміз — АХҚО-дан тыс кез келген юрисдикцияда тіркелген заңды тұлға.
5. Танылған компания ретінде тіркеу талаптары 12-бөлімде белгіленген. Компанияларды тіркеуші 145-бапта көрсетілген негіздер бойынша тіркеуден бас тарта алады. 146-бап тіркеудің құқықтық салдарын реттейді: тіркеуші тіркеу туралы куәлік береді, сәйкестендіру нөмірін тағайындайды және компания атауын тізілімге енгізеді.
6. Шетелдік компанияны танылған компания ретінде тіркеу жаңа заңды тұлғаны құрмайды. АХҚО «Компаниялар туралы» Регламентіне сәйкес, танылған компания — сол шетелдік компанияның өзі болып табылады. Бұл келесі жағдайлармен де расталады:
 - 1) Заңнамада тіркеу нәтижесінде қандай да бір жаңа ұйымның пайда болатыны туралы ешқандай нұсқау жоқ. Мысалы, қандай да бір тұлғаға тиесілі болуы мүмкін жаңа акциялар шығарылмайды. Оның мүлкіне немесе директорларын тағайындауға қатысты қолданылатын жаңа қағидалар да жоқ.
 - 2) 144(5)-бапта былай делінген: «Егер танылған компания компанияға айналса, Тіркеуші оның танылған компания ретінде тіркелуін жоюға тиіс». «Компания» анықтамасы АХҚО-ның «Компаниялар туралы» қағидаларына сәйкес тіркелген жария және жеке компанияларды да қамтиды. Осылайша, «компанияға айналу» дегеніміз — шетелдік компанияның АХҚО заңнамасына сәйкес тіркелген компанияға айналу процесін білдіреді. Мұндай ауысу тетігі АХҚО-ның «Компаниялар туралы» қағидаларының 13-бөлігінде және АХҚО-ның «Компаниялар туралы» қағидаларының 5-бөлігінде көзделген. Логикалық тұрғыдан алғанда, танылған компания АХҚО заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға болып табылатын болса, ол «компанияға айнала» алмайды. Демек, осы ережеде танылған компания АХҚО заңнамасына сәйкес құрылған жаңа

заңды тұлға болып табылмайтыны көзделеді.

- 3) «АХҚО-ның «Дәрменсіздік туралы» қағидаларының 83-бабы танылған компанияның сот шешімімен таратылуы мүмкін болатын шектеулі жағдайларды белгілейді. Оларға 83(1)(с)(i)-бапқа сәйкес, танылған компания «өзінің шыққан жерінің заңнамасына сәйкес таратылған, тіркеуден шығарылған немесе заңды тұлға ретінде өз қызметін өзге де жолмен тоқтатқан» жағдайлар жатады. Бұл танылған компанияның шыққан жері АХҚО бола алмайтынын растайды. Осылайша, танылған компания — АХҚО-да немесе АХҚО-дан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болу үшін АХҚО-да тіркелген жай ғана шетелдік компания.
7. Заңнамада танылған компанияның шетелдік компаниямен бірдей құқықтық тұлға ретінде қарастырылатынын көрсететін өзге де көптеген ережелер бар.
8. Менің пікірімше, танылған компания шетелдік компаниядан бөлек дербес заңды тұлға болып табылмайды. Ол тек шетелдік компанияның филиалы ретінде әрекет етеді және дербес құқықтық мәртебеге ие емес ішкі құрылымдық бөлімше болып табылады.
9. Осыдан туындайтын логикалық салдар — АХҚО аумағындағы шетелдік компания филиалын (формальды мағынада) тарату немесе жабу мүмкін еместігі. Жоғарыда көрсетілгендей, АХҚО «Дәрменсіздік туралы» Регламентінің 83-бабы танылған компанияларды белгілі бір шектеулі жағдайларда таратуға жол береді. Алайда бұл ережелер тұтастай танылған компанияны таратуға қатысты, бұл жағдайда — Energo және ACRA компанияларына қатысты. Осы себепті юрисдикция шектеулі, өйткені әдетте шетелдік компания өз тіркелген юрисдикциясында таратылады.
10. Егер шетелдік компания АХҚО-да филиал ашып, оны жабуды қаласа, филиалды тарату немесе жабу қажет емес. Тек Компанияларды тіркеушіге танылған компания ретінде тіркеуді жою туралы өтініш беру жеткілікті. Бұл оның тізілімнен шығарылуына және оның бизнес сәйкестендіру нөмірінің («БИН») жойылуына әкеледі. Тіркеуші жоюдың барлық алғышарттары орындалғанына көз жеткізуі тиіс. Тіркеуші мысал ретінде Қазақстанда туындаған барлық салықтық міндеттемелердің алдымен орындалғанына көз жеткізу қажеттігін келтірді.
11. Тіркеуші менің назарымды АХҚО «Компаниялар туралы» Регламентінің 167-бабына аударды, онда реттелетін ұйымдарды тізілімнен шығару өкілеттігі көзделген. «Реттелетін тұлға» ұғымы 158(2)-бапта анықталған және оған «компаниялар» кіреді, ал 158(1)-бапқа сәйкес бұған танылған компаниялар да жатады. Осылайша, танылған компанияны тізілімнен шығару өкілеттігі 167-баппен реттеледі. Қалай болғанда да, менің ойымша, танылған компанияны тіркеуді жою өкілеттігі Тіркеушіге тиесілі екені анық. Бұл үшін сотқа жүгінудің қажеттілігі жоқ.
12. Компанияларды тіркеуші осы қорытындылармен келісті. Оның ұстанымы бойынша, ол танылған компанияны тарату туралы өтінішті қанағаттандыра алмайды және оған сәйкес қандай да бір әрекет жасай алмайды. Алайда, егер оған Energo және ACRA компанияларын тізілімнен шығару туралы өтініш берілсе, ол оны қанағаттандыра еді.
13. Талап қоюшы бастапқыда бұл ұстаныммен келіспеді. Оның уәждері үш негізге сүйенді:
 - 1) Тіркеуші танылған компанияға жеке БИН нөмірін береді. Талап қоюшының пікірінше, бұл оның дербес заңды тұлға екенін білдіреді. Мен бұл пікірмен келіспеймін. БИН нөмірі — бұл тек шетелдік компанияға АХҚО-да танылған компания ретінде тіркелген кезде берілетін сәйкестендіру нөмірі. Ол әртүрлі әкімшілік мақсаттарға қызмет етеді, бірақ өздігінен жаңа заңды тұлға құра алмайды.

- 2) АХҚО-дағы компания филиалының шоттары әртүрлі мақсаттар үшін, соның ішінде салық салу мақсаттары үшін, шетелдік компанияның шоттарынан бөлек жүргізіледі. Тағы да, бұл филиалдың құқықтық мәртебесі туралы ештеңе білдірмейді. Заңды тұлғалар әртүрлі себептерге байланысты өздерінің жеке шоттары бар бизнес-бөлімшелерге бөлінуі мүмкін. Екінші жағынан, заңды тұлғалар басқа жағдайларда бухгалтерлік есеп мақсаттары үшін топтарға біріктірілуі мүмкін. Мұның ешқайсысы тиісті компаниялар мен бөлімшелердің құқықтық мәртебесіне әсер етпейді.
- 3) Практикалық тұрғыдан алғанда, АХҚО филиалдары таралмаса, тиісті компаниялар қиындықтарға тап болуы мүмкін, оның ішінде салық органдарымен немесе Әділет министрлігімен байланысты мәселелер. Бұл мәселе негізінен БИН тіркеуімен байланысты екені анықталды. Талап қоюшы кейіннен компанияларды танылған компаниялар ретінде тіркеудің жойылуы оның мәселелерін шешетінін мойындады.
14. Талап қоюшының ниеті Energo және ACRA компанияларын тұтастай тарату туралы бұйрық алу болмаған. АХҚО «Дәрменсіздік туралы» Регламентінің 83-бабына сәйкес шетелдік компания филиалын тарату және жабу мүмкін емес. Осыған байланысты Energo және ACRA өтініштері қанағаттандырысыз қалдырылды.
15. Тек Компанияларды тіркеушіге Energo және ACRA компанияларын танылған компаниялар ретінде тіркеуді жою туралы өтініш беру қажет. Мұндай жағдайда Тіркеуші өтінішті қанағаттандыра еді. Соттың араласуы қажет емес.
16. Соған қарамастан, істегі түсініспеушілікті ескере отырып, мен екі компанияның тіркеуін жою туралы бұйрық шығаруға қанағаттанамын. Тыңдауға қатысқан барлық тараптар бұл шешіммен келісті. Бұл мәселе басқа істерде де түсініспеушілік тудырған болуы мүмкін. Осы жағдайда мен осы бұйрықтың уәждерін толық көрсету қажет деп есептеймін.
17. Болашақта ұқсас өтініштер берілген жағдайда, өтініш берушілердің назары осы шешімге және АХҚО «Компаниялар туралы» Регламентінің 167-бабына аударылады деп үміттенемін.

АХҚО Соты қабылдады,

Судья Том Монтагю-Смит КС,
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік:

Талап қоюшы өз мүдделерін дербес қорғады.

АХҚО Қаржылық қызметтерді реттеу комитетінің атынан Заңгерлік консультациялар департаментінің директоры Аида Мукужанова ханым қатысты.

Компанияларды тіркеуші Лаура Нұрғалиева ханым өз атынан сөз сөйледі.